

Сапақкөл орта мектебі

Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023
оқу жылында 2-сыныппен өткізілген
тәрбие жұмысының талдауы.

Сынып жетекшісі: Мухтарова Жадыра

2022-2023

Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында 2-сыныппен өткізілген тәрбие жұмысының талдауы.


2022-2023 оқу жылында 2-сыныпта барлығы 20 оқушы. .13ұл,7қыз.Оқу озаты-7.Оқу екпіндісі-5. Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші


Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100	100	100	100	100	100	100	100	100

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды. Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті. Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды

Бағыттар	Өтілген сынып сағаттары саны:
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
Рухани – адамгершілік тәрбие	5
Ұлттық тәрбие	5
отбасы	3
Еңбек, эконмикалық және экологиялық тәрбие	3
Еңбек, эконмикалық және экологиялық тәрбие	3
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6

Оқу жылындағы мақсат-міндеттер: сынып ұжымын қалыптастыру, балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, оқуға деген ынтасын арттыру, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелік іс-шаралар арқылы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру. Бұл бағытта «Терең білім ,еңбекқорлық қасиет», «Қыран елім Қазақстаным», «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ»,«Қыран елім -Қазақстан», «Таным. Тағылым. Тәрбие», «Қауіпсіз мектеп» Қарттарым асыл қазынам,Отбасы бақыт мекені-атты тақырыбында сынып сағаттары мен тәрбиелік шаралар өткізіліп, балалардың ұлттық құндылықтар туралы таным-түсінігі қалыптасты.Әлеуметтік желіге жүктелген сынып сағаттар.





Оқушылар жетістігі: 1. «Жас ғалым-2022» 1 орын . халықаралық 2.Мақатаев оқулары.1 орын Қами Д 3. «Боялар құпиясы» 1орын Шерниязқызы Е ,Дарханқызы А,Аралбай Н республика

4.Кенгуру-математика для всех».2орын Қами Д,Нұрберген Р,Аманғазы Т,Кеңес А,Салмен А,Ғарифолла А

Хакім Абай атамыз айтқан: «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды – дағы, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады»

Қорытындылай келе,осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында жоғары деңгейде өтті.

«Мектеп – ата-ана – оқушы» үштігі бірлестігі жұмыстарының нәтижелілігі

Қыркүйек айынан бастап ата-аналармен жұмыс жолға қойылып, жұмыс жоспары жасалынды. «Оқушылардың оқуға құштарлығын арттыру» тақырыбында сауалнама жүргізілді.

«Отбасындағы бала тәрбиесі»тақырыбында баяндама, дөңгелек үстелдер өткізіліп, ата-аналардың бала тәрбиесі мен оқу үдерісіндегі жауапкершіліктері арта түсті.

Сынып жетекшісі: Мухтарова Жадыра Серикбаевна